

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө. Әбдіманұлы, А. Темірболат
Ш. Шортанбаев, Е. Сұлтан

**XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ
ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ
ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

ӘОЖ 82.09
КБЖ 83.3
Ә 13

*Басылымға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі мен РБЖ шешімімен ұсынылған*

ГФ1958 «XX-XXI ғасыр басындағы қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы
және тұлғаның зияткерлік-инновациялық әлеуеті» ғылыми жоба бойынша
дайындалған монография

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор *Т.С. Тебегенов*
филология ғылымдарының докторы, профессор *С. Ержанова*
филология ғылымдарының докторы, профессор *З. Сейітжанов*

Ә 13 **XX ғасыр** бас кезіндегі қазақ романдарындағы тәуелсіздік
идеясы /Ә. Әбдіманұлы (жалпы ред. басқ.), А. Темірболат, Ш. Шор-
танбаев, Е. Сұлтан. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 165 б.
ISBN 978-601-04-0044-3

Бұл ұжымдық монографияда XX ғасыр басындағы қазақ романының
даму тенденциясы қарастырылады. Авторлар осы кезең әдебиетіндегі
тәуелсіздік идеясының тууының алғышарттары мен тұлғаның зияткерлік-
жаңартпалы әлеуетін көркем бейнелеудің, әдістері мен тәсілдерін ашуды
мақсат тұтқан. Еңбекте XX ғасыр басындағы шығармашылық тұлғалар-
дың идеялық-тақырыптық, жанрлық-көркемдік ізденістеріне ерекше
көңіл бөлінген.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары
мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет
сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 82.09
КБЖ 83.3

© Әбдіманұлы Ә., т.б., 2013
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

ISBN 978-601-04-0044-3

4. ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТҰЛҒА ӘЛЕУЕТІ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

XX ғасыр басындағы қазақ романдарында тұлға әлеуеті болмысын қалыптастыруда жаңашыл ізденістердің болғанын жоққа шығара алмаймыз. Мұнда дәстүр мен жаңашылдық айқұшпақ табысып жатады. Бұл әсіресе, қазақ әдебиетіндегі роман жанрының дамуына өлшеусіз үлес қосқан С. Торайғыров шығармашылығынан айрықша көрініс тапты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – кемел өнерпаздық болмысымен қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын тек лирик ақын ретінде ғана емес, туған әдебиетін кең көлемді, күрделі жанрдағы туындылармен байыту арқылы да ала білген дарын иесі. Оның іргелі жанрдағы алғашқы туындысы – 1914 жылы жазылған «Қамар сұлу» романы. Жалпы, Сұлтанмахмұт шығармашылығының басты арқауы, үзілмес желісі әлеуметтік теңсіздік, әлеуметтік өмір шындығы дейтін болсақ, соның нақты көрінісі осы «Қамар сұлу» романы болып табылады.

«Қамар сұлу» – реалистік шығарма. Романда XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі, тыныс-тіршілігі нақты көрініс тапқан. Өмірдегі қарама-қайшылық өмір ағысына тосқауыл болуға ұмтылған, өткен өмірдің кертартпа салт-санасын ұстанған ескілік пен ертеңнің өзгерісіне сенген жаңаның тартысы арқылы көрсетіледі. Шығарманың негізгі тақырыбы әйел теңсіздігі болғанымен, ол қоғамдағы жалпы әлеуметтік теңсіздік қайшылықтарын ашуға апарар жол ғана. Қайғылы халге ұшыраған екі жастың гүл ашпай жатып солған жауқазын махаббаты – қараңғылық пен надандыққа қарсы күрестің жаңа өскіні, жаңа күші. Бір-біріне қарама-қарсы екі топ, өмірге, қоғамға, адамға деген екі түрлі көзқарас арқылы айқындалады. Бірінші топ өкілдері романда Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділде ишан арқылы бейнеленсе, екінші топ жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендер арқылы көрсетіледі. Алғашқы ұрпақ өкілдерінің негізгі ерекшелігін автор ескілікті салттың етегіне жабысып, соны негізгі құралы етіп, алдау, арбау, айла тәсілдері

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<i>Әбдиманұлы Ө.</i>	
1-тарау. XX ғасыр бас кезіндегі тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиетте тәуелсіздік идеясының негізгі ұстанымға айналуының алғы шарттары	11
<i>Әбдиманұлы Ө.</i>	
2-тарау. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде тәуелсіздік идеясын бейнелеудегі көркемдік ізденістер.....	56
<i>Әбдиманұлы Ө., Сұлтан Е.</i>	
3-тарау. XX ғасыр басында қазақ романдарындағы тәуелсіздікке ұмтылған күрескер тұлғалар бейнесінің сомдалуы.....	81
<i>Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш.А.</i>	
4-тарау. Қазақ романдарындағы тұлға әлеуеті болмысын қалыптастырудағы дәстүр мен жаңашылдық.....	119
<i>Темірболат А.Б.</i>	
5-тарау. Тенденции развития казахского романа начала XX века	140
<i>Әбдиманұлы Ө., Темірболат А.Б.</i>	
Қорытынды	156
Әдебиеттер	160